

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Түркістан қ.

20.11.2025 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; (әрі қарай «Музей») Жарғы негізінде әрекет етуші директордың м.а Н.Дукенбаев, бір тараптан, және «Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС (әрі қарай «ХБК»), Жарғы негізінде әрекет етуші ректор Б.А.Сабденалиев екінші тараптан, тараптар бұдан әрі мәтін бойынша бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар төмендегілер туралы осы ынтымақтастық туралы меморандумды (әрі қарай – «Меморандум») жасады:

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

1.1. ХБК-ның Музей-мен өзара іс-әрекеті ХБК-ның білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында салалық еңбек нарығының қажеттіліктеріне, мамандарды даярлаудың жұмыс берушілер қоятын біліктілік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, өндірісте практикалық дағдыларды алуға, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу арқылы білім алушылардың теориялық білімдерін бекіту.

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ФОРМАСЫ

2.1. Тараптар бір-біріне стратегиялық әріптестер ретінде қарап, осы Меморандумның қолданылу мерзімі ішінде өзара тиімді және адал негізде ынтымақтасады.

2.2. Тараптар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарын даярлауды ұйымдастыру және ХБК-мен оқу процесін ұйымдастыруға, мамандық бейіні бойынша кәсіптік практикаларды (өндірістік, диплом алдындағы, оқу) өткізуге, студенттер мен оқытушыларды тағылымдамадан өткізуге, сондай-ақ оның түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі ынтымақтастық туралы уағдаласады.

2.3. Тараптар ынтымақтастық шеңберінде қажет болған жағдайда келіссөздер жүргізу, кездесулер өткізу және ақпарат алмасу мүмкіндігін қарастырады, сондай-ақ әрбір тиісті тараптан құзыретті тұлғаны тартуға келіседі.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. ХБК:

3.1.1. ХБК білім беру процесін дербес жүзеге асыруға, бағалау жүйелерін таңдауға, ынталандыру шараларын қабылдауға және «Білім туралы» ҚР Заңында, ХБК Жарғысында, ХБК академиялық саясатында, сондай-ақ ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген шектерде жаза қолдануға құқылы.

3.1.2. Мамандарды даярлау құрылымы мен ауқымының сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында салалық еңбек нарығын Музей-мен бірлесіп зерттейді.

3.1.3 Білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс оқу жоспарларын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес білім алушының теориялық және практикалық дайындығын жүзеге асырады.

3.1.4. Білім алушының таңдаған білім беру бағдарламасын меңгеруіне қажетті жағдайлар жасайды.

3.1.5. Білім алушының оқу жоспарына сәйкес өндірістік, диплом алдындағы практикадан өтуін ұйымдастырады.

3.1.6. Білім алушының зияткерлік және мәдени деңгейін жетілдіру және дамыту үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

3.1.7. ХБК базасында оқу орталықтарын ашуға жәрдемдесу.

3.1.8. Серіктес жұмыс берушінің бос қызмет орындарын жариялайды.

3.1.9. Бұқаралық ақпарат құралдарында, сайттарда және әлеуметтік желілерде іс-шараларды жариялайды.

3.2. Музей:

3.2.1. Қажет болған жағдайда түлектерді қорытынды аттестаттаудан өткізу кезінде аттестаттау комиссиясының жұмысына жетекші мамандардың қатысуын қамтамасыз етеді.

3.2.2. Оқу жоспарына сәйкес кәсіпорынның заманауи технологиялық базасын, заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып, өндірістік, диплом алдындағы (мамандық бейіні бойынша) практикадан өту үшін орындар ұсынады.

3.2.3. Модульдік жұмыс оқу жоспарларын, білім беру бағдарламаларын, элективті пәндер каталогтарын, пәндер мазмұнын қарастырып, келіседі және пікір береді.

3.2.4. Қонақ дәрістерге және практикалық сабақтарға Музей-ден мамандарды тартуға атсалысады.

3.2.5. Бос қызмет орындар болған жағдайда ХБК түлектеріне жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.

3.2.6. Музей кәсіпорындарында ХБК филиалдарын ашуға мүмкіндік береді.

3.2.7. ХБК профессор-оқытушылар құрамын Музей қажеттіліктеріне сәйкес келетін ғылыми зерттеулерге тартады.

3.2.8. ХБК профессор-оқытушылар құрамына өндірістік базаларда тағылымдамадан өтуге мүмкіндік береді.

3.2.9. Бос қызмет орындар жәрмеңкесіне қатысады (онлайн және офлайн режимдерде).

3.2.10. ХБК білім алушылары үшін компаниялардың жетекшілерімен (топ-менеджмент, HR) сұхбат жүргізуге көмек көрсету.

3.2.11. Жарыстар, олимпиадалар, фестивальдар, көрмелер және т.б. ұйымдастыруға көмек көрсету және демеушілік көрсету.

3.2.12. Еңбек нарығының өзекті мәселелерін талқылау бойынша дөңгелек үстелдерге қатысу.

3.2.13. Түлектерге арналған мастер-класстарды, тренингтерді, қонақ дәрістерін, тікелей эфирлерді, оқыту курстарын ұйымдастыруға жәрдемдесу.

3.2.14. Кәсіпорынға экскурсия ұйымдастыруға көмек көрсету.

3.2.15. Тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін практикадан өткен түлектің кандидатурасын қарастыру;

4. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

4.1. Тараптар осы Меморандум олардың ерікті тілегі мен ниеттерінің көрінісі екенін, Тараптар үшін заңды, қаржылық немесе қандай да бір басқа да құқықтық салдарлар туғызбайтынын, Тараптардың оған алдын ала шарттың күшін беру ниетін көздемейтінін және азаматтық-құқықтық шарт болып табылмайтынын мойындайды.

4.2. Осы Меморандумның ережелерін іске асыруға байланысты Тараптардың өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ Тараптардың коммерциялық және жедел-техникалық өзара іс-әрекетінің басқа да мәселелері жекелеген келісімдермен және/немесе шарттармен айқындалады.

4.3. Осы Меморандум Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа келісімдер немесе шарттар бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

4.4. Керісінше қандай да бір ережелерге қарамастан, осы Меморандумның ережелері оның Тараптарына ешқандай құқықтық және/немесе қаржылық салдарларды жүктемейді.

5.МЕМОРАНДУМНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ

5.1. Меморандум оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы әрекет етеді.

5.2. Осы Меморандум Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда Меморандумды бұзуға бастамашы болған Тарап Меморандумды бұзу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей бұзу ниеті туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті.

5.3. Осы Меморандумды өзгерту, толықтыру және бұзу Тараптар арасында тиісті құжатқа қол қою арқылы мүмкін болады.

5.4. Осы меморандум бойынша құқықтар мен міндеттемелерді Тараптардың кез келгені басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы Меморандум және осы Меморандумда реттелмеген басқа кез келген нәрсе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

6.2. Осы Меморандумнан немесе оған байланысты туындайтын, оның ішінде оның орындалуына, бұзылуына, тоқтатылуына немесе

